

"2024-2025 оқу жылына жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру туралы" Жамбыл облысы әкімдігінің 2024 жылғы 9 тамыздағы № 210 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Жамбыл облысы әкімдігінің 2024 жылғы 17 желтоқсандағы № 302 қаулысы

Жамбыл облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "2024-2025 оқу жылына жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру туралы" Жамбыл облысы әкімдігінің 2024 жылғы 9 тамыздағы № 210 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулының 1, 2 – қосымшалары осы қаулының 1, 2–қосымшаларына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулыға қол қойылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі электрондық түрдегі көшірмесінің Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Жамбыл облысы бойынша филиалына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін;

2) осы қаулының ресми жарияланғаннан кейін оның Жамбыл облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Жамбыл облысының әкімі

Е. Қарашөкеев

Жамбыл облысы әкімдігінің

2024 жылғы " 17 " желтоқсандағы

№ 302 қаулысына 1-қосымша

2024-2025 оқу жылына жоғары білімі бар (бакалавриат) кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы (жергілікті бюджет есебінен)

					Оқу жылында	Оқу жылында
						1 студентті
						оқытуға

№	Білім беру саласының коды және сыныпта луы	Даярлау бағытта рының коды және сыныпта луы	Білім беру бағдарламасы тобының коды және атауы	2024-2025 оқу жылына мемлекеттік білім беру тапсырысының көлемі (орын саны)	1 студентті оқытуға жұмсалатын шығыстардың орташа құны (теңге) күндізгі оқу (толық оқу)		жұмсалатын шығыстардың орташа құны (теңге) күндізгі оқу (кысқартылған оқу)	
					ерекше мәртебе сі бар жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымда ры	басқа жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымда ры	ерекше мәрте- бесі бар жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымда ры	басқа жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымда ры
С. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті								
1	6B10 Денсаул ы қ сақтау және әлеумет ті к қамтама сыз ету	6B101 Денсаул ы қ сақтау	BM086 Медицина	7	1230700	1218300		
М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті								
2	6B01 Педагог ика лы қ ғылымд ар	6B015 Жараты лыстану пәндері бойынш а мұғалім де р даярлау	B010 Физика мұғалімдерін даярлау	5	1139200	1008100		
3	6B01 Педагог икалық ғылымд ар	6B015 Жараты лыстану пәндері бойынш а мұғалім де р даярлау	6B009 Математика мұғалімдерін даярлау	5	1139200	1008100		

4	6B08 Ауыл шаруашылығы және биоресурстар	6B086 Су ресурстары және суды пайдалану	B082 Су ресурстары және суды пайдалану	5	933600	831800		
5	6B08 Ауыл шаруашылығы және биоресурстар	6B081 Агрономия	B077 Өсімдік шаруашылығы	3	933600	831800		
Ш. Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты								
6	6B06 Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	6 B 0 6 1 Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	B057 Ақпараттық технологиялар	5	1111400	1009600		
	Барлығы			30				

Жамбыл облысы әкімдігінің
2024 жылғы "17" желтоқсандағы
№ 302 қаулысына 2-қосымша

2024-2025 оқу жылына жоғары орнынан кейінгі (резидентура)

білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы (жергілікті бюджет есебінен)

№	Білім беру саласының коды және сыныпталуы	Даярлау бағыттарының коды және сыныпталуы	Білім беру бағдарламасы тобының коды	2024-2025 оқу жылына мемлекеттік білім беру тапсырысының көлемі (орын саны)	Оқу жылында 1 врач-резидентті оқытуға жұмсалатын шығыстардың орташа құны (теңге) күндізгі оқу
С. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті					
			R 0 0 3 Аллергология және иммунология ересектердің, балалардың	1	1939900
			R 0 1 7 Анестезиология		

1

7R01
Денсаулық
сақтау
медицина)

(7R011
Денсаулық
сақтау

және реаниматология, оның ішінде балалар анестезиологияс ы және реаниматология сы	2	1939900
R 0 0 4 Гастроэнтеролог ия ересектердің, балалардың	1	1939900
R 0 1 1 Инфекциялық аурулар ересектердің, балалардың	3	1939900
R 0 0 1 Кардиология ересектердің, балалардың	2	1939900
R 0 3 7 Неврология ересектердің, балалардың	2	1939900
R 0 0 9 Нефрология ересектердің, балалардың	2	1939900
R036 Жалпы хирургия	3	1939900
R 0 2 8 Оториноларинго логия ересектердің, балалардың	4	1939900
R 0 2 7 Офтальмология ересектердің, балалардың	5	1939900
R030 Педиатрия	1	1939900
R 0 1 3 Психиатрия ересектердің, балалардың	1	1939900
R 0 1 4 Радиология	2	1939900
R040 Физикалық медицина және		

			реабилитация ересектердің, балалардың	9	1939900
			R021 Жақ-бет хирургиясы ересектердің, балалардың	2	1939900
Барлығы				40	-
Астана медицина университеті					
2	7R01 Денсаулық сақтау (медицина)	7R011 Денсаулық сақтау	R032 Акушерия ж ә н е гинекология, оның ішінде балалар гинекологиясы	6	1980000
			R 0 1 9 Ангиохирургия ересектердің, балалардың	0	1980000
			R 0 1 2 Дерматовенерол о г и я ересектердің, балалардың	2	1980000
			R 0 0 1 Кардиология ересектердің, балалардың	2	1980000
			R 0 3 7 Неврология ересектердің, балалардың	1	1980000
			R 0 3 1 Неонатология	0	1980000
			R 0 0 9 Нефрология ересектердің, балалардың	1	1980000
			R 0 2 8 Оториноларинго л о г и я ересектердің, балалардың	1	1980000
			R 0 2 7 Офтальмология ересектердің, балалардың	1	1980000
			R 0 1 3 Психиатрия	0	1980000

		ересектердің, балалардың		
		R 0 1 4 Радиология	5	1980000
		R040 Физикалық медицина және реабилитация ересектердің, балалардың	0	1980000
	Барлығы		19	-

Ескерту:

Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға түсу кезінде қабылдау квотасы көзделеді:

1) бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі бар адамдар, бала кезінен мүгедектігі бар адамдар, мүгедектігі бар балалар арасынан шыққан азаматтар үшін – 1 пайыз;

2) басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлері, жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлер үшін – 0,5 пайыз;

3) ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуын айқындайтын білім беру бағдарламалары бойынша оқуға ауыл жастары арасынан шыққан азаматтар үшін – 35 пайыз;

4) Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын ұлты қазақ адамдар үшін – 4 пайыз;

5) жетім балалар және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар, сондай-ақ кәмелеттік жасқа толғанға дейін ата-анасынан айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жастар қатарындағы Қазақстан Республикасының азаматтары үшін – 1 пайыз;

6) Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған өңірлерге қоныс аударған ауыл жастары арасынан шыққан Қазақстан Республикасының азаматтары үшін – 5 пайыз;

7) кәмелетке толмаған төрт және одан көп бала тәрбиелеп отырған отбасылардағы балалар үшін – 5 пайыз;

8) кемінде үш жыл толық емес отбасы мәртебесі бар отбасылардағы балалар үшін – 1 пайыз;

9) бала кезінен мүгедектігі бар балаларды, бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі бар адамдарды тәрбиелеп отырған отбасылардағы балалар үшін – 1 пайыз.